



# Мұнайлы

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті

№01 (99), қаңтар, 2018 жыл

# ӨЛКЕ

Саясат



## ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – ДАМУҒА ЖОЛ СІЛТЕР ТЕМІРҚАЗЫҚ

2018 жылғы қаңтар айының 26 жұлдызы күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мәжіліс залында былғыз жылдың қаңтар айының 10 жұлдызы күнгі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауын түсіндіру жұмыстары аясында кездесу өтті. Шараға жергілікті атқарушы билік өкілдері, қоғам белсенділері, «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалы жетекшілері мен Маңғыстау облыстық және Ақтау қалалық маслихаттарының депутаттары қатысты.



Кездесуді «Нұр Отан» Партиясы Ақтау қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қоллолла Асияұлы Сахинов ашты. Жылда түсіндіру тобының мүшелері Елбасы Жолдауында айтылған бағыттарға жеке-жеке тоқталып, Жолдаудан туындаған мемлекеттік деңгейдегі мәселелер мен тапсырмалардың жергілікті деңгейде орындалуы туралы да баяндады. Жолдауда қарастырылған 10 бағытты жіпке тізген Ақтау қалалық маслихатының депутаты Қуаныш

Қалпенұлы Есетов «Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту» деп аталатын екінші тараудағы Елбасының «Астанада өткен ЭКСПО-2017 көрмесі баламалы, «таза» энергия саласындағы дамудың қаншалықты қарқынды екенін көрсетті. Бүгінде әлем бойынша өндірілетін электр энергиясының төрттен бірі жанарғылытын энергия көздеріне тиесілі. Болжам бойынша, 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 80 процентке жетеді. Сол себепті, Біз 2030 жылға қарай Қазақстандағы

баламалы энергия үлесін 30 пайызға жеткізу міндетін қойдық» деген сөздерін тілге тиек ете отырып, «жасыл» экономика төңірегінде өңірде жүзеге асырылып жатырған жұмыстардың да бар екендігін алға тартты. Мысалы, Ақшұқыр ауылында қуаттылығы 5 МВт жел электр стансасын, Мұнайлы ауданында қуаттылығы 7 МВт күн электр стансасын, ал Шетпе ауылында қуаттылығы 12 МВт күн электр стансасын жасақтау жоспарлануда. Ақшұқыр ауылы мен Мұнайлы ауданындағы стансалар биылғы жылдың наурыз айында пайдалануға беріледі деп күтілуде. Демек, экологиямыздың да, экономикамыздың да ұлпайы түгенделер шақ алыс емес.

Елбасы өз жолдауында Маңғыстау өңірі үшін маңызды салалардың бірі агроөнеркәсіп кешенін дамытуға да ерекше көңіл бөлген. Мәселен, «Аграрлық ғылымды дамыту мәселесі басты назарда болуға тиіс» деп, жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеуді, егін егу мен астық жинаудың онтайлы уақытын болжамдауды, «ақылды суаруды», минералды тыңайтқыш себүдін интеллектуалды жүйелерін қолданисқа енгізуді, адами факторды азайтып, егіншіліктің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуді басты назарға қойған. Бұл салада да, жайыс климат жағдайына қарамастан, Маңғыстау облысы озық тәжірибенің үлгісін

көрсетіп отыр. Жергілікті агроөнеркәсіп өкілдері заманауи технология өнімдерін – тамшылатып суару мен «ақылды» жылжымай жүйелерін енгізу арқылы өз өндіріс қуатын кеңейтіп, өндірілетін өнім көлемін ұлғайтып келеді. Бүгінгі күні облыста осы үлгідегі 26 жылжымай тұрақты жұмыс жасап, облыс тұрғындарын сапалы азықпен қамтамасыз етіп отыр. Былтыр Тұпқараған ауданы Ақшұқыр ауылында ауданы 3 гектар болатын жаңа жылжымай құрылысы аяқталса, биыл Мұнайлы ауданында жаңа инновациялық технология – гидропоника әдісі негізіндегі «ақылды» жылжымай кешенінің құрылысы басталды.

Сондай-ақ, кездесу барысында мемлекет басшысының соңғы Жолдауларында айтылғандай, шикізатқа деген тәуелділіктен кешенін дамытуға да ерекше көңіл бөлген. Мәселен, «Аграрлық ғылымды дамыту мәселесі басты назарда болуға тиіс» деп, жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеуді, егін егу мен астық жинаудың онтайлы уақытын болжамдауды, «ақылды суаруды», минералды тыңайтқыш себүдін интеллектуалды жүйелерін қолданисқа енгізуді, адами факторды азайтып, егіншіліктің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуді басты назарға қойған. Бұл салада да, жайыс климат жағдайына қарамастан, Маңғыстау облысы озық тәжірибенің үлгісін

инвестицияға деген қажеттілік те жоқтың қасы. Ең маңыздысы зердені дамыту, білімді тереңдету, қоғамның қажеттілігіне сай ақпараттық шешімдер ұсыну, жаңа технологиялар ойлап табу. Бүгінгі күн әлем экономикасының көшін бастап тұрған «Facebook», «VK», «Google» сынды алпауыттар бір кездері бастауын жалғыз компьютерден алған десек, біреу сенер, біреу сенбес. Сөзімізге салмақ беру үшін салыстырмалы түрде қарасақ, IT саласының сондай көшбасшыларының бірі «Yandex» ресурстарының бүгінгі нарықтық құны 60 млн. АҚШ долларына бағаланып отыр, ал еліміздің шикізат нарығын бастап тұрған 90 мың қызметкері бар «KazMunayGaz» ҰК АҚ құны не бары 30 млн АҚШ долларының айналасында екен. Осыдан кейін IT саласының әлеуетіне күмән келтіру мүмкін емес сияқты. Соңғы жылдары «долларлық миллионерлер» де тек осы саладан шығып жатыр екен. Бұл да саланың қуаттылығының дәлелі болса керек. Сөзін қорыта келе, Аббат Жәнірханұлы келесі ұрпақты осы бағытта тәрбиелеуді шақырды.

Қорыта айтқанда, Елбасымыздың Жолдаулары жетістіктерге жол сілтер Темірқазығымыз болмақ. Сондықтан, Жолдауды оқып, ондағы нәтижелерді жергілікті деңгейде өз саласында жүзеге асыру әр қазақстандықтың мемлекет алдындағы азаматтық борышы.

Г.Әбісқалық

### Жолдаудан кейінгі ой

## ЖАСТАРҒА ЖАҢА КӘСІПТІК БАҒДАР КЕРЕК



Қаңтар айында ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің алдына нақты 10 міндет қойып, «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жолдады.

Жолдауда «Көп-көсір мұнайдың» дәуірі аяқталып келеді. Елімізге дамудың жаңа сапасы қажет. Жаһандық трендтер көрсетіп отырғандай, бірінші зекте, төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін кенінен енгізуге негізделуі тиіс» - деп үлкен жауапкершілік жүктелді.

Ойлап отырсақ, қазақ жерінен мұнай бұрқаж алынғанына да 120 жылға жуықтап қалыпты. Ал, Маңғыстау өңірінен мұнайдың табылғанына биыл 57 жыл болады екен. Осыныша уақыттың ішінде Отанымыздың өркендеуіне, экономиканың өсуіне, халықтың тұрмыс-жағдайының жақсаруына бірден-бір үлесін қосқан осы мұнай емес пе? Жер қойнауынан қаншама қарат алтын өндірілді десеңші...

Дегенмен де әр нәрсенің шегі, шеті, шектеуі болады деген. Табиғаттың өз заңдылығы бар - мұнай қорының азаюы, тіпті сарқылуды да мүмкін еті. Жер астындағы мұнай қорын көбейтіп отыру үшін жаңа мұнай кен орындарын іздестіру, табу жұмыстары жүргізілуі керек. Менің ойымша осы жұмыстар соңғы кезеңде саябырып, тіпті

тоқтап қалғандай көрінеді. Себебі ашылып жатырған бірде-бір мұнай кен орындары жоқ. Бұрынғы ашылған мұнай-газ кен орындарын қайта барлап (доразведка), төменгі қабаттарын ашып қараса мұнай қорын көбейтуге болар еді. Мысалы Қансу, Еспелісай, Өзен т.б. кен орындарында перспектива барын жоққа шығармаймыз.

Өлкеміздегі өндірілетін мұнайдың басым бөлігін беретін компания - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы. Қоғамға қарасты Қаламқас, Жетібай кен орындарындағы мұнайдың жер астында қалған қоры, өндірілуіне тиісті қордың 30-40% пайызы. Әрине, бұл мұнай бүгін, ертең, әлде арғы күні таусылып қалады деген сөз емес. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауында 10 басымдықтың негізгісі - өндірістік саланы жаңғырту. Осы бағытта «Маңғыстаумұнайгаздың» негізгі мұнай өндіріп отырған кен орындары - Қаламқас пен Жетібай мұнайшылары да мүмкіндігінше аз шығын жұмсап, мол өнімге көп жеткізу жолдарын қарастырып жатқанын білеміз. Бұл-химиялық әдістерді пайдалану, жаңа технологиялардың тиімділігін жоғарылату, жаңа техникалардың нәтижелігін көтеру арқылы өндірілетін өнімнің көлемін арттыру.

Қазақта «Үш күндігін ойламаған әйелден без, үш жылдығын ойламаған еркектен без» деген сөз бар. Сондықтан да кез келген жағдайға дайын болуымыз керек. Әсіресе, біздер, ата-әжелер, ата-аналар, үлкендер

балаларымыздың, немере, шөберелеріміздің болашағын қазірден бастап ойлануға тиіспіз. Қазіргі мектеп бітіруші, жоғарғы класстағы оқушыларға, жалпы жастарға мамандық таңдауда бағыт-бағдар беруге, жалпы ел экономикасына, өлкемізге қандай маман кадрлар керектігін айтуға міндеттіміз деп ойлаймын. Бұл мәселеге жұртшылықпен қатар, облыстық білім басқармасы да, жұмыспен қамту орталықтары да, басқа да қузыры мекемелерде атсалысуы керек деп ойлаймын.

Менің ойымша, қазіргі уақытта мына бағыттағы мамандар керектігі сияқты: 1. Маңғыстауды аспан астындағы мұражай деп бекер айтаған. Өлкемізде туризм саласы дамып келеді, сондықтан туризм саласының мамандары.

2. Маңғыстау - тоғыз жолдың торабы. Су жолы, темір жол, автокөлік жолдары арқылы дүниенің төрт бұрышына шығуға болады. Көлік пен логистикалық құрылымдардың дамуы басталды. Көлік, логистика құрылымдары, жүк тасымалдау мамандықтарына сұраныс енді артады. Сондықтан да ұлқызды осы салаға бейімдеуге ақыл қоссақ.

3. «Цифрлы Қазақстан» жобасы аясында цифрлық технологиялар өмірдің барлық саласына еніп келеді. Сол себепті IT саласы мамандары керек.

4. Бәріміз де ауылдан шықтық. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген қажеттілік - тіршіліктің негізі. Жолдауда көрсетілгендей,

агроөнеркәсіп кешенін жаңа технологиялық деңгейге көтеру керек. Ол үшін ауылшаруашылық кешенінің мамандары қажет, әсіресе, ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу технологиясы мамандары.

5. Біздің бала-шағамыз, немере, шөберелеріміздің болашағы орта және шағын бизнеске байланысты болатын кезең алыс емес. Сол үшін жастарды кәсіпкерлікке баулып, бизнеске бағыттау керек.

6. Энергетика мен құрылыс мамандықтары әр уақытта керек деп ойлаймын.

7. Әрине, жастардың барлығының бірдей жоғарыда көрсетілген мамандықтарды алуға мүмкіндіктері бола бермейді. Сондықтан тегін кәсіптік білім беру саясаты өте дұрыс шешім деп есептеймін. Әрқашанда қасиби маман құрметтеледі және барлық жерде керек. Сол себепті қасиби мамандық алған дұрыс.

Мұнайлы өлкенің болашағы - ұрпағымыздың, жекеден өсіп келе жатқан ұл-қыздың қолында, солардың жауапкершілігінде. Бір кезде менің тұстауырым, алысынышы-жетісініші жылдың жастары қажырлы қайратпен Маңғыстаудың бағын ашса, екінші мыңжылдықта ата-бабаның еңбек, ерлік дәстүрін алға апаратын біздің балаларымыз. Сондықтан да Жолдаудан кейін өз ойымды Өздеріңізбен бөлісеуе асықтым, құрметті кейіңгі буын әріптесім!

Ө. Сағындықов, ардагер мұнайшы

Еңбекті қорғау

# БІЗДІҢ ҚАУІПСІЗДІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОЛЫМЫЗ

## «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының Жолдауы



Жаңа еңбек жылы бастай отырып, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының әрбір жұмыскері қауіпсіздік пен сенімділіктің неғұрлым жоғарғы деңгейіне жету үшін жұмыс орындарындағы апатты оқиғалар мен жазғайым оқиғаларды болдырмау үшін өзінің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауды жетілдіру үшін қосқан үлесін бағалау қажет.

«ҚазМұнайГаз» компаниясының жұмыскерлерінің және мердігерлік ұйымдарының қауіпсіздігі мен денсаулығын жақсартуға, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтардың әуақатына ұмтылу «ҚазМұнайГаз»-дың бизнестегі ұзақ мерзімді табыстылығының негізгі болып табылады.

Біз өзіміздің негізгі құндылықтарымызға ортақтасқан «ҚазМұнайГаз»-дың барлық жұмысшыларын қатыстыра отырып, еңбек қауіпсіздігі мен денсаулық мәдениетін дамытуға, сондай-ақ мінсіздік пен жетістіктерге ұмтыламыз. Бұл мақсаттарға жету үшін бізге сіздердің жеке мүдделілігіңіз бен қолдауларыңыз қажет.

Қауіпсіздік және денсаулық мәдениеті әрқашан көшбасшылықтан басталады. Көшбасшылар басқа жұмыскерлерге өз кезегінде мәдениеттің мінсіз-құлық үлгісін көрсетеді. Көшбасшылар сонымен қатар талаптар белгілеп, құрылым жасап, басқаларды оқытып мәдениетке әсер етіп, нәтижеге жеке жауапкершілікпен қарайды. Мұндай қауіпсіздік мәдениеті «ҚазМұнайГаз»-дағы басқарудың әрбір деңгейінің

ажырамас бөлігі болуы тиіс. Ол үнемі нығайтып, жетілдірілуі керек, қауіпсіздік және денсаулық сақтау мәселелері басқа басымдықтарға қарағанда жоғары болуы тиіс.

Біздің басты мақсатымыз - «ҚазМұнайГаз» бен мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерінің күн сайын үйлеріне аман-есен қайтуы үшін жағдай жасау. Біз әрқашан басты мақсатымыз - ЗИЯНСЫЗ ЖҰМЫСҚА қол жеткізу үшін еңбектенеміз.

Қауіпсіз мінсіз-құлық мәдениетінің тұжырымдамасы жұмыскердің нормативтік талаптарын сақтаумен қатар, жұмыстың қауіпсіз орындалуы үшін өз жауапкершілігін мойындауды қамтиды.

Біздің кәсіргі кезеңдегі міндетіміз ресми қауіпсіздік процедураларын сақтауды ғана емес, сонымен қатар «ҚазМұнайГаз»-дың әр жұмыскерін оларды жетілдіруге шабыттандыру болып табылады.

Сондықтан қауіпсіздікті және еңбекті қорғау мәселелеріндегі көшбасшылық тек қана жоғары және орта буын басшыларынан ғана емес, сондай-ақ барлық қол жетімді байланыс құралдарын пайдаланылып, «ҚазМұнайГаз»

қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдарынан бастау алуы тиіс.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәдениетін дамыту, үздіксіз жетілдіруге бағытталған шексіз ұзақ үдеріс. Қауіпсіздік мәселесінде тым асыра менмендік пен өз-өзіне сенушілікке жол жоқ. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау үдерістерін үнемі жетілдіру жұмысына қойылған мақсаттарына жету үшін барлығын жасауға мүмкіндік беретін тәртіпке дағдыландырады және зейінді арттырады.

Өрне, әлемдегі ешқандай мұнай-газ компаниясы, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» да осы салада толық табысқа қол жеткіздік деп айта алмайды.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, мен барлық жұмыскерлерге өз ісіне берілгендігі, тұрақты және тиімді компания - «ҚазМұнайГаз» болашағына баға жетпес үлес қосқаны үшін алғыс айтамын, сондай-ақ Сізге және сіздің отбасыларыңызға қауіпсіз жұмыс және 2018 жылда сәттілік тілеймін.

Құрметпен,

Сауат Мынбаев

Ішкі коммуникация

## ҰЖЫМ БЕРЕКЕСІ - ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Компаниямызда басшылық пен еңбек ұжымы арасында «кері байланыс» жүйесін дамытуға, жұмыс берушілер мен қызметкерлер және кәсіподақтар арасында сындарлы диалог орнатуға бағытталған ішкі коммуникацияның негізгі міндеті - қызметкерлерге Қоғам қызметінің мақсаты және ағымдағы жағдай туралы уақытылы ақпарат беріп отыру. Қоғам қызметкерлерімен тиімді «кері байланыс» орнату, ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатының параметрлерін бақылап отыру.

Біз Компаниямызда атқарылып жатқан жұмыстар туралы бас директордың адами ресурстарын басқару және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Нұрсерік Қадырсеізулы Кудревичтен осы мәселе бойынша толығырақ айттып берді сұрадық.

**Нұрсерік Қадырсеізулы, 2017 жылы Қоғамдағы ішкі коммуникация құралдарының негізгі дінгегі болып табылатын жұмыс беруші мен жұмысшылар арасындағы «кері байланыс» қалай болды?**

Ішкі коммуникация көп бағытты сан алуан тармақты кең ауқымды күрделі нәрсес. Ішкі коммуникация құралдарын Қоғамның қолданысына жаңадан енгізіп жатқан уақытта өз қиыншылықтары да болды. «Көш жүре бәра түзеледі» демекші ішкі коммуникациялар құралдары толықтай енгізіліп, жұмыстары сараланған жолға салынғанша біраз тер төуге тура келгені де рас.

Нәтижесінде Компаниямыз ішкі коммуникациялардың ұйымдастырушылық, ақпараттық, талдамалық және коммуникативтік сияқты барлық түрлерімен қамтылып отыр. Ішкі коммуникация құралдары, жалпы, басқару ісін жақсартуға, жұмыс тиімділігін көтеруге, персоналдың ынталылығын арттыруға және жедел әрекет етуге мүмкіндік беріп отыр деп толық айта аламыз.

Жұмыс беруші мен жұмысшылар арасында «кері байланыс» орнықтау - ішкі коммуникацияның айрықша маңызды бағыты. Бірінші басының еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесулері, желілік басшылардың еңбек ұжымымен тоқсан сайынғы есептік кездесулері, ұйым басшысының және оның орынбасарларының қызметкерлерді жеке мәселелер бойынша қабылдаулары, Қоғам басқармасының құрылымдық бөлімшелер басшыларымен ай сайынғы өндірістік кездесулері, Кәсіподақ ұйымымен консультациялар өткізілетін кездесулерге сәйкес қалыптасқан отырып. Бұл кездесулер хаттамаланып, қызметкерлердің сұрақтары мен өтініштері қатаң бақылау алынды.

**Қоғам Басқармасының еңбек ұжымымен кездесулері туралы толығырақ сұрағаныңыз.**

2017 жылы «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамы Басқармасының еңбек ұжымымен төрт есептік кездесуі ұйымдастырылды. 2016 жылдың 1-ші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Қоғам басқармасының еңбек ұжымымен кездесулері кестеге сәйкес, «Жетібай-мұнайгаз» және «Қаламқас мұнайгаз» өндірістік басқармаларында өткізілді.

Бұл кездесулерде мұнайшылар тарапынан жұмыспен қамту, шаттық орын ауыстыру, медициналық қызмет көрсету,



*«Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамы ұжымы Бас директорың адами ресурстарын басқару және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Нұрсерік Қадірсеізулы Мемлекеттік жоспарына награда - «Құрмет» орденімен марапатталуымен құттықтайды!*

*Бұл - Қазақстан Республикасы экономикасының өркендеуіне қосқан еңбегіңіздің жемісі. Сізге зор денсаулық, жаңа жетістіктер мен жетістіктер тілеймін! Сондай-ақ Қазақстанның мұнай өндіру саласын олар әрі дамыту жолында білім-білік, тәсірленуімен аялбай еңбек ете беретіндігіңізге зор сенім арттымыз!*

еңбекке ақы төлеу, тамақтандыру, кеңорындарындағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдай, арнайы жұмыс киімі сапасын көтеру, ауысымдар кестесін оңайлау, қызметкерлерді көлікпен тасымалдауды жақсарту, зейнетақыға мерзімінен бұрын шығу мүмкіндігін қарастыру, кеңорында намазхана ұйымдастыру және «Хирургия институты» ЖШС қызметіне қатысты 20 арыз-өтініштер түсті. Компания басқармасына тікелей айтылған бұл арыз-өтініштер қатаң бақылауға алынып, оларға шешім қабылданды.

Сондай-ақ, «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамының ішкі коммуникациялары Ережесіне сәйкес компаниямызда, қажет болған жағдайда, қоғам басқармасының еңбек ұжымымен есептен тыс кездесулерін өткізу мүмкіндігі көзделген. Осыған сәйкес үстіміздегі жылдың 9-шы және 21-ші ақпанында «Қаламқас мұнайгаз» өндірістік басқармасында, 24-ші ақпанында «Жетібай мұнайгаз» өндірістік басқармасында қоғам басқармасының әкімшілік мәселелері департаменті тұрғын-үй пайдалану цехы қызметкерлерімен кезектен тыс кездесулері өтті.

Аталған кездесулердің күн тәртібінде «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамында жүргізіліп жатқан трансформациялау шаралары және «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамы құрамынан

қызметтің бейінді емес түрлерін шығару жөніндегі қол картасы мәселелері бойынша Әкімшілік мәселелер департаменті Тұрғын-үй пайдалану цехы қызметкерлерінің ұжымдық хатына орай түсіндіру мәселесі қойылды.

Бұл жиындарда «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамының Бас директоры Бақыт Имамбаев, Бас директорың бірінші орынбасары Пэй Цзяньшэн, кәсіподақ комитетінің төрағасы Талғат Айдынов және оларға трансформациялау шараларының мақсаты мен процедураларын түсіндіріп, қызметкерлердің осы мәселеге байланысты қойған сұрақтарына жауап беріп, болып жатқан өзгерістерге қобалжымауға шақырылды.

жағдайға байланысты өтініштерін айттып ой-пікірлерімен бөлісті.

Қоғамымызда компания басшыларының қызметкерлерді жеке мәселелер бойынша қабылдау кестесі бекітілді. Жеке қабылдауларда 39 қызметкердің өтініш-арыздары тиімдалды. Мұндағы негізгі көп көтерілген мәселе - жаңа мүшелерін Қоғамға жұмысқа орналастыру. Өкінішке орай, «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының Ұлттық компанияға қарасты кәсіпорындарында жұмысқа алуға мораторий жериялау себебінен бұл өтініштерді қанағаттандыру мүмкін болмай отыр.

Қабылдауларда бұдан басқа жаңаулық жағдайына, денсаулығына байланысты компания ішінде жұмыс орын ауыстыру, зейнеткерлікке шығуға қатысты сұрақтар, материалдық көмек көрсету, біліктілігіне сәйкес лауазымын жоғарылату мәселелерін көтерді.

Компания басшыларының қабылдауына келген әрбір қызметкердің мәселесі егжей-тегжейлі қаралып нақты шешімдер алынды, ал лезде шешілмейтін, қосымша анықтауды талап ететін өтініштер бойынша жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берілді.

2017 жылы есептік кездесулерде, желілік басшылардың еңбек ұжымымен кездесулерінде қойылған сұрақтар мен Компания басшыларының қызметкерлерді жеке қабылдауларында айтылған өтініштердің ұзын саны 146 болды. Бұл арыз-өтініштердің барлығы да уақытында қаралып, оларға нақты жауаптары берілді.

Аталған шараларға қоса, Компания басқармасы бекітілген кестеге сәйкес кәсіподақ комитетімен де тоқсан сайын консультациялар өткізіп отырғанын айта кетуім керек. 2017 жылы кәсіподақ комитетімен Қоғамда жүргізіліп жатқан трансформациялау процедуралары мәселелері, Компания қызметкерлері балаларының жағдайы демалыстарын ұйымдастыру, Қоғам себебінен жұмысшыларымызбен олардың балаларын Елордамыз Астанадан өткен «Экспо-2017» халықаралық көрмесіне экскурсияға жіберу, «Үздік ұжымдық келісім» номинациясында «Парыз-2017» республикалық байқауына құжаттар дайындау, Ұжымдық келісім талаптарының орындалуы сияқты қотпеген маңызды мәселелер қаралып талқыланды.

Акционерлік қоғамымыздың әлеуметтік ахуал мен мұнайшылар арасындағы бірлік пен ынтымақты жоғарылату мақсатында атқарылып жатқан жоғарыда аталған жұмыстарға мұнайшылардың лауазымы мен мамандықтарына қарамастан белсенді қатысқандары дұрыс. Себебі, бұл біздің ортақ міндетіміз. Осындай игі шаралардың ұжымда әлеуметтік тұрақтылықты нығайтып, тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретіні және сол арқылы компаниямыздың әрі қарай сенімді дамуына өз әсерін тигізетіні анық.

-Сұхбаттыңызға рахмет!

С.Ғалидуллин

Әлеуметтік қамту

# АСАРЛЫҚТАРҒА ЖАҢА АСХАНА



тағамдарын дайындайтын арнайы жабдықтар бар. Бұрын мұндай құрылғылар жеткіліксіз болатын. Қоймаларымыз да көлемі жағынан кеңейді», – дейді.

Мұнай кенішінде вахталық әдіспен



«Туған ай – туралған ет». Откен 2017 жылды компания игілікті іспен қорытындылап, Жаңа жыл қарсаңында мұнайшыларға айрықша тарту жасалды. Ол – «Жетібай мұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты «Асар» кенорындағы жаңа асхана.

Заман талабына сай жабдықтармен қамтамасыз етілген асхана 75 адамға



арналған. Жаңа асхана соңғы үлгідегі пештер, қамыр илейтін машиналармен және тоңазытқыш камераларымен жабдықталған. Асар кенорындағы №11 асхана меңгерушісі Анар Бабаева «Жаңа асханада ет пен көкөніс өңдеп, ұн

айлап тер төгетін жұмысшылар енді сақылдаған сары аяз бен жаздың аптап ыстығында жайлы асханада тамақтанатын болады. Пайдалануға берілген әлеуметтік нысанға дән риза болған мұнайшылардың алғысы шексіз:

– Бүгін қуанышымыз қойнымызға сыймай тұр. Бұрынғы асханамыз өлден ескірген болатын. Кейбір жабдықтар істен шыққан еді. Енді жаңа асхана алдағы уақытта қарқынды жұмыс жасауымызға оң ықпал жасайды деп сенемін. Жаңа жылда жаңа сый жасаған Басқарма басшылығына мұнайшылар атынан алғыс айтамын, – дейді «Жетібай мұнайгаз» ӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехінің аға мұнайшысы Тахир Өсекенов.

Бүгінде 30 жыл бұрын ашылған «Асар» кенорында 120 жұмысшы еңбек етіп, жыл сайын 1500 тонна мұнай өндіріледі. Кенорының даму перспективасы жоғары. Сондықтан да мұнда келесі кезекте 3 жатақхана құрылысын салу жоспарлануда. Биылғы мұнайшылар мерекесі қарсаңында мұнайшылар жаңа қонысқа ие болады деген үміт бар.

Ж.Кемал

## Денсаулық күзетінде

# «MEDITERRA» - ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫ

«Мұнайлы өлке» газетінің өткен санында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және сервистік компанияларының жұмысшыларына медициналық көмек көрсететін «Хирургия институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - «MEDITERRA» заманауи медицина орталығының қызметі жөнінде кең көлемді материал оқырмандар назарына ұсынылған болатын. Бүгінгі мақалада «Mediterra» заманауи медицина орталығы өткен бір жыл ішінде қандай жаңа құрылғыларға ие болды, олардың маңызы, ерекшелігі туралы мәселеге тоқталсақ.

1 жыл уақыттың ішінде «Mediterra» орталығы құрал-жабдықтары медицина ғылымының соңғы жаңалықтарымен пайдаланып, үнемі жаңа құрылғылармен жабдықталу үстінде.

Былтырғы жылдың тамыз айында рентгенэндоваскулярлық хирургия және диагностика департаменті ашылды, оның құрылуы клиникаға американдық General Electric компаниясының GE Optima IGS 330 ангиографының алынуымен басталды. Бұл департаментте Оңтүстік Корея, Германия, Франция, АҚШ елдерінің клиникаларында білім алып, тәжірибе жинақтаған мамандар қызмет атқарады, оларға «Mediterra» орталығы директорының орынбасары Ғалымжан Өзімбаев басшылық етеді. Негізгі бағыты жүрек тамырларын зерттеу (коронарография) болып табылады. Орталықтың рентгенотомографиясында жүректен басқа аорта, аяқ-қол, мойын, бас, іш және жамбас қуыстарының тамырлары қаралады. Бұл зерттеулерді жалпылама ангиография деп атайды, олар тамырлардың бойындағы өзгерістерді көре алады, әсіресе атеросклероз кезінде оның маңызы өте зор. Өйткені, атеросклероз жүрек (миокард) инфарктісі, инсульт сияқты өте салмақты аурулардың негізгі себептері екені көпшілікке мәлім.

Рентгенангиохирургтар тек қана тамырлардың бойындағы өзгерістерді тауып қоймай, оларды мүмкіндігінше «жөндеп», осы тамыр бөлігімен қаныққан қажетті деңгейде жүруін ықпал жасап отыр. Айта кететін жағдай, осындай аса маңызды күрделі операция кезінде көптеген уақыттарда наркоз керек болмай, науқастар ертегінен орыннан ойнай тұрып жатады. Аз ғана уақытта 200-ден аса осындай арнайы ем-дом жасалына. Оның тамырдың бойындағы өзгерістерді «қарапайым» қараудан бастап, күрделі гибридік операцияларға дейінгі

емшаралардан тұратынын атап көрсетсек, бұл игерілген істің аса жоғары деңгейге жеткенін түсінуге болады. Операциялардың қатарына әркімнің тамырлардың әртүрлі деңгейде тарылған жерлерін ішінен кеңейтіп (дилатация) және ол жерлерге стент салу, бітеліп қалған жерлерін ашу (реканализация), ал кейде керісінше, қажет кездерде, олардың қуысын бітеу, яғни эмболизация жасау, өкпе тамырларына ұйыған қан ығысып кету қаупі бар кездерде, олардың жүретін жерлеріне қауа-фильтрлер қою, жүрек жұмысының әртүрлі бузылулары кезеңдерінде ішкі қуыстарына арнаулы құрылғыларды орналастыру, өт жолдарының бойында кідріс



болып, адам сарғайып кеткен уақыттарда қуысын ашып, тарылған немесе қысылған жерлерін кеңейтіп, олардың бойына стент қою сыйды жұмыстардың теріні кеспей, тесу арқылы жасалатынын айтсақ, оқырман «Mediterra» заманауи медицинасының атына заты сай клиника екендігіне көз жеткізери анық.

Биыл қаңтар айының аяғына дейін GE Signa 1.5T магниттік резонанстық томографы (МРТ) іске қосылып, жұмысын бастайды деп күтілуде. Аты атап тұрғанындай, бұл медициналық озық техника дайындаушылардың арасында әлемдік деңгейде шоқтығы биік американдық «Дженарал Электрик» компаниясының туындысы. Аталмыш аппарат біраз дүниені жасай алады: мидың суреттерін тымсайлы қылып шығарады, іш қуысының барлық

ағзаларын науқас дем алуын бір реттен тоқтатқан сәтте түсіреді, белгілі уақыт аралығындағы жүректің соғуын дәл көрсетеді. Жалпы, әлемдік статистикаға сүйенсек, клиникалық практикада GE Signa 1.5T MR томографы ғаламдық тәжірибеде ең көп қолданылады.

Сондай-ақ филиалға GE BrightSpeed компьютерлік томографы да жеткізілді. Ол да «Дженарал Электрик» компаниясының өнімі. Ерекшелігі – аппарат көп детекторлы, яғни бір детекторлы аппараттардың жасай алмайтын күрделі зерттеулерін жүргізуге мүмкіндігі бар құрал. Жалпы, компьютерлік томографтардың негізгі бөлігі – гентри, ол

сатыларында, асқынбаған мезгілдерінде тауып, арнаулы диспансерлер мен ғылыми-зерттеу институттарына уақытылы жолдап, емдеудің барлық заманауи шараларын алу мүмкіндігін пайдалану болып табылады. Онкологиялық аурулармен шалдыққан бірнеше науқастың орталығымыздың Алматыдағы бас клиникасында күрделі операциялар жасатып, қазіргі күні реабилитациядан өтіп, жұмыстарына қайтып бару мүмкіндіктері қарастырылып жатқаны, әрине, көңілге қонымды жағдай.

2018 жылдың қаңтар айының 3-ші жұлдызынан бастап, «Хирургия институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Ақтөбе қаласындағы филиалын қосымша зертханалық құрал жабдықтармен жабдықтады. «Хирургия институты» ЖШС мекемесінің зертханалық жағдайын жақсарту мақсатында басқа компаниялардың қызметіне жүгінбеу үшін гормоналды және ИФА-талдама, селментация мен ПЦР-талдама сынды қосымша құрылғыларды сатып алып, осылайша талдама диагностикасының кеңейтуге қатысты шешім қабылдады.

2017 жылдың тамыз айында «Хирургия институты» ЖШС «Қаламқас» кенорына дәрігерлік амбулаториясын 1 желде жәрдем автокөлігін жеткізген болатын. Сондай-ақ, осы жобаны сапалы түрде жүзеге асыру мақсатында жедел жәрдем автокөлігі санын 3 данаға көбейту ұйғарылды. Осылайша, тек «Қаламқас» пен «Жетібай» кен орындарының дәрігерлік амбулаториясын ғана емес, Ақтөбе қаласының да емханасын қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету жоспарда еді. Нәтижесінде, 2018 жылдың қаңтар айында «Хирургия институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Ақтөбе қаласы филиалындағы Жетібай мен Қаламқас кен орындары заманауи жедел жәрдем автокөлігімен (ренимобиль) жабдықты.

Сонымен, мақала басында атап көрсетілген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен «Хирургия институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы үш жылдық мерзімге жасалған келісім-шартында белгіленген уақыттың тек үштен бір мезгілі ғана өтті. Біраз ауқымды шаралар жасалынып, жоспарланған жұмыстардың көлемі де аз емес. Бүгінгі күні олардың барлығы да уақытында және сапалы түрде жүзеге асатыны еш күмән туғызбайды.

Г. Сынбақұлова,  
«Хирургия институты» ЖШС Ақтөбе филиалының директоры



Ой-дода

## ЖАСТАР ШЫҚТЫ ЖАРЫСҚА

Жастар саясатын іске асыру мақсатында «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жас мамандар Кеңесінің ұйымдастыруымен «Брейн-ринг» интеллектуалды сайысы өткізілді.

Ой-өріс пен танымдық қабілеттің дамуын ынталандыратын ойынның бірінші іріктеу турына Серіктестіктің өз қызметкерлері мен «Жетібай-Сервис», «Қаламқас-Сервис» өндірістік мекемелері қатысты.

Екінші финалдық тур «Oil Services Company» ЖШС бас кеңесінде Маңғыстау облысы бойынша мұнай және сервистік компаниялары жастарының қатысуымен өтті. Долаға «OSC» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ӨзенМұнайСервис», «KMG EP-Catering»; «Кен-Құрылыс-Сервис», «Тұлпар Мұнай Сервис», «УТТиОС», «ОТК», «Бұрғылау» және «Мұнайтелеком» компания компания командалары қатысты.

Ойынның талабына сай қатысушылар сайынғы тақырыбы бойынша біліктілік танытып, білім деңгейлерін тартысты ой-долада сарапқа салды. Нәтижесі:



Бас жүлде - «OSC» ЖШС командасы;  
1 орын - «Бірлік» командасы  
(«ӨзенМұнайСервис» ЖШС және «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС);  
2 орын - «Өзенмұнайгаз» АҚ

командасы;  
3 орын - «Қаражанбасмұнай» АҚ командасы  
Жүлделі орын иеленген командалар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен

марапатталды. Осыған дейін де 2016 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ ұйымдастыруымен өткен «Брейн-ринг» сайысынан біздің «Oil Services Company» командасы жүлделі бірінші орын алып жеңіспен оралған еді.

Сайыстың мақсаты сайыскерлердің ойлау, сөйлеу дағдысын дамыту, өз ойын жеткізе білуге, ізденуге қалыптастыру, дарынды жастарды қолдау, жастардың ыңғармашылық және зияткерлік дамуына жағдай жасау, талантты жастардың қалыптасуына көмектесу, олардың қабілеттерін, эрудициясын, логикалық ойлауын дамыту, жастар ұйымдары арасындағы өзара әріптестікті нығайту еді. Тәжірибе көрсеткендей, «Брейн-ринг» жоғары деңгейдегі білім мен білімділікті көрсетті, сондай-ақ, жастар арасында өзара байланысты жақсартуға оң ықпал етуде.

Жарыс өз мәресіне жоғары деңгейде жетті. Осы жарыста Серіктестік абыройын биік ұстап, жеңіске жеткен барлық қатысушы жастарға және Жастар кеңесіне алғыс білдіреміз.

А.Алдабергенова  
«Oil Services Company» ЖШС

Ставка на перспективу

## ПРОЕКТНОЕ УПРАВЛЕНИЕ ОПТИМИЗИРУЕТ РАБОТУ

